ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 03 маусым №7119-25-00-2/5100 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Бексултан» атаулы Нұржанов Жандос Қайымұлы дара кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою- қанағаттандырылсын.

«Бексултан» атаулы Нұржанов Жандос Қайымұлы дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Бексултан» атаулы Нұржанов Жандос Қайымұлы дара кәсіпкерден Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны пайдасына 32 968 (отыз екі мың тоғыз жүз алпыс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, 126 800 (жүз жиырма алты мың сегіз жүз) теңге мөлшерінде айыппұл сомасы, және 4 794 (төрт мың жеті жүз тоқсан төрт) теңге төленген мемлекеттік баж мөлшері өндіріп алынсын өндірілсін.

«Бексултан» атаулы Нұржанов Жандос Қайымұлы дара кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 03.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.07.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 21.07.2025
7119-25-3-1/5006

сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 03.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 21.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство